

Қазақ хандығына 550 жыл

1465

2015



*“Өз тарихын білмеген халық, өзін
де сыйламайды”*

(Н.Ә.Назарбаев)





Қазақ хандығының қалыптасуы

«Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз. Бүгінде біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілестік дәстүрлерін сақтап отыр. Осы қарым-қатынасты әрдайым сақтағанымыз жөн», – *деді Қазақстан Республикасының Президенті.*



Қазақ хандығының қалыптасуы

Қазақ хандығы — шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасуы нәтижесінде ерте заманнан бері Орта Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ — қазақ халқының негізінде бірігуі арқылы XV-ғасырдың орта шенінде құрылды. Қазақ хандығының құрылуына 1457-жылдан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілхайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріндегі Шу мен Талас өңіріне қоныс аударуы мұрындық болды.



Қазақ хандығының қалыптасуы

Әдет-ғұрып, салт-саналары,
діни наным-сенімдері,
этникалық құрамы ұқсас
болды

Әлеуметтік-экономикалық және
мәдени дамуы ыңғайлас келді

Қазақ халқының қалыптасуы XV-
XVI ғасырлар

Қазақстандағы этносаяси қауымдастық Жәнібек пен Керей сұлтандар
төңірегіне шоғырланды

Қазақ хандығының құрылуына, қазақ халқының этникалық
құрамының күшеюіне мүмкіндік туғызды



Қазақ хандығының құрылуы

Тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларға Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Әбілхайыр хан дүние салған соң, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан, Жәнібек ханға көшіп кетті.

Қазақ ұлттық мемлекеті құрылуының алғышарттары



Әбілқайыр хандығы мен
Монғолстан хандығының күш-
қуаты әлсіреп, күйреу дәрежесіне
жетті

Рулар мен тайпалар көсемдерінің
арасындағы өзара талас-тартыстар
толастамады

Қазақ тайпалары мен руларын
мемлекет етіп біріктіру міндеті
алға тартылды

Керей мен Жәнібек
сұлтандар Батыс
Жетісу жері
Қозыбасыда қазақ
хандығының
ұлттық туын тігіп,
1465-1466
жылдары Қазақ
хандығын құрды



Қазақ хандығының құрылуы

Алғашында Қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Ежелден осы алапты мекендеген тайпалар Дешті Қыпшақтан қоныс аударған қазақ тайпаларымен етене араласып кетті. Әбілхайыр хандығындағы аласапыран соғыс салдарынан күйзелген қазақ тайпалары бұл араға келіп ес жинап, етек жауып, экономикалық тұрмысы түзеле бастады. Дешті-Қыпшақ көшпенділері Әбілхайыр хан қол астынан шығып, Қазақ хандығына келіп жатты. Алайда жаңадан құрылған Қазақ хандығының экономикалық негізі әлсіз еді және бірсыпыра қазақ тайпалары Әбілхайыр хандығының, Моғолстанның, Ноғай Ордасының және Батыс Сібір хандығының қол астында төрт хандыққа бөлшектеніп отырған болатын. Ал Әбілхайыр хан болса өзіне қарсы шығып, Жетісуға қоныс аударған қазақтардың өз алдына хандық құрып отырғандығына қылышын қайрап отырды.

Қазақ хандығының картасы





Қазақ хандығының құрылуы

Жаңа құрылған Қазақ хандығы құрамына, яғни батыс Жетісу өңіріне он шақты жыл айналасында 200 мыңдай саны бар көшпелі тайпалардың жинады. Көшпелі елдің отырықшы-егіншілігі көркейген аудандармен, әсіресе қолөнері мен саудасы дамыған экономикалық орталық - Сырдария жағалауындағы қалалармен саудасаттық қарым-қатынасы дами бастады.




Қазақ хандығының міндеттері

Қазақ хандығы алдындағы
тарихи міндеттер

Көшпелі шаруалардың жайылымдарды пайдаланудағы Дешті Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан тәртібін қалпына келтіру

Сырдария бойындағы қалаларды қазақ хандығына қарату

Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық аймағын біріктіру



Қазақ хандығының құрылуы

Сырдария бойындағы қалалар мен Дешті-Қыпшақ даласы үшін күресте Қазақ хандығының басты бәсекелесі және ата жауы Әбілхайыр хан болды. Қазақ хандығы Әбілхайырға қарсы күресу үшін ең алдымен Моғолстан мемлекетімен тату көршілік, одақтық байланыс орнатты. Бұл одақ жоңғар тайшысы Амасанжының Моғолстанға және Әбілхайыр ханның Қазақ хандығына қарсы шабуылдарынан біріге отырып қорғануға мүмкіндік берді.

1468-жылы қыста Әбілхайыр хан Қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуға жорыққа аттанды, бірақ сапары сәтсіз болып, осы жорық кезінде қаза тапты. Әбілхайырдың қаза болуы Қазақ хандығының нығаюына және оның көлемінің кеңеюіне үлкен жағдай тудырды. Өзбек ұлысының үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп кетті. Қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресте олардың ішкі-сыртқы қайшылықтарын толық пайдаланды. Әбілхайыр ханмен билікке таласып келген Жошы ұрпақтары - Ахмет хан мен Махмұд хан, батыс Сібірдің билеушісі Ибақ хан және Ноғай мырзалармен одақтаса отырып күрес жүргізді.



Қазақ хандығының құрылуы

Әбілхайыр ханның мұрагерлерімен күресте Қазақ хандары Әбілхайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті - Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды бірте-бірте өзіне қосып алды. XV-ғасырдың 70-жылдарында қазақтар Сырдария бойымен оған жалғас Қаратау өңірінің бірсыпыра территориясын басып алды. Сырдария жағасындағы қалалар үшін Әбілхайырдың немересі Мұхаммед Шайбани ханмен күрес отыз жылдан астам уақытқа созылды. Сонымен қатар бұл қалаларды Түркістан аймағын билеген Әмір Темір әулетінен шыққан Әмір Мұхаммед Мәзит Тархан мен Моғолстан ханы Жүніс хан да қолдарына түсіруге дәмелі болды.



Қазақ хандығының құрылуы

Сыр бойы калалары үшін Қазақ хандары өте қажырлы қайрат жұмсады. Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани Түркістан аймағына келіп, Мұхаммед Мәзит Тарханды паналады. Мұхаммед Мәзит Тархан Мұхаммед Шайбаниды қолдап, Қазақ хандығына қарсы аттандырмақ болды. Бірақ Мұхаммед Шайбани оның бұл үмітін ақтамады, керісінше оның қолынан Түркістан аймағын тартып алды. 1470 жылы қыста Қазақ ханы Керей қол бастап Түркістанға шабуыл жасады. Қазақ ханы Әз Жәнібектің үлкен баласы Махмұд сұлтан Созақ қаласын бағындырды, екінші баласы Еренжі Сауранды иемденді. Сауран түбінде қазақтардан соққы жеген Мұхаммед Шайбани Бұхараға қашты. Сөйтіп, Сырдария жағасындағы — Созақ және Сауран қалалары Қазақ хандығының құрамына кірді.



Қазақ ханы

Хан тағына малы көп шонжар-сұлтандар, төре тұқымы сайланды

Ел биледі

Хан

Әскерді басқарды

Міндеттері

Хан елдің ішкі-сыртқы өмірін реттейтін заңдар мен бұйрықтарды шығарды, көші-қон қонысты белгіледі, әскердің жоғарғы басшысы болды

Керей & Жәнібек



- XV ғасырдың ортасында Алтын Орда құлаған кезде далатайпалары болашақты ойлап, дербес мемлекет құру керек деп шешті. Мемлекет негізін «алаш мыңы», яғни Орыс хан тұсындағы Ақ Орда халқының негізін құраған тайпалар қалады.
- Қазақтың алғашқы ханы Керей немесе інісі Жәнібекпен бірге жас мемлекеттің іргесін бекітіп, шаңырағын биіктету үшін үлкен еңбек сіңіреді. Моңғалстан ханымен одақтасып, ойрат тайпаларына қарсы болып, оның ордасында таққа талас басталды. Тақ таласы Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына қайта оралып, мүмкіндік береді. Әбілқайырдың ұлы, ханның мұрагері Шейх Хайдар жеңіліп, жақын адамдарымен бірге қаза тапты да, ұлыстағы бар билік Керей ханның қолына көшті. Осы кезден бастап қазақ хандығы іргелі мемлекетке айналада бастады.

Керей & Жәнібек



- Керей ханның есімі 1472-1473 жылдардағы деректерде соңғы рет кездеседі. Оның қашан және қандай жағдайда қайтыс болғанын, қайда жерлегенін анықтау қиын.
- Керейден соң билік Жәнібек ханға көшеді. Оның тұсында қазақ елі іргелі мемлекетке айналды. Жаңа хандақтың өзіндік құрылымы мен заң жүйесі қалыптасты.



Керей & Жәнібек



- Жәнібек қазақ тарихындағы айрықша тұлғалардың бірі болды. Керей мен Жәнібек кейін ел басқару кезегі Керейдің ұлы Бұрындық (Мұрындық) ханға келді. Бұрындық ханның билігі ең бір мазасыз, талас-тартысты, аумалы-төкпелі кезеңге дөп келеді. Ол сол қиндықтардың бәріне төзіп, өз әкесі мен оның сенімді серігі Жәнібек ханның өсиетіне адал олды. Ол іскер де батыл басшы, жауынгершілік машықты, қару түрлерін қолдануда жетік жауынгер де еді.



Керей & Жәнібек




- Мұсылман тарихшылары Бұрындық ханды Дешті Қыпшақ билеушілерінің ішіндегі ең белгілісі және құдіретті әмерше деп сипаттайды. Бұрындық хан тағында тағында ұзақ уақыт 30 жылдан астам отырды. Оның тұсында қазақтар Сыр бойына жайыла қоныстанып Сығанақ, Сауран, Түркістан, Сайрам, Отырар, Үкзет, Аққорған, Аркөк сияқты шаһарларды иемдеді.



Қазақ хандығы туралы кітап жарық көрді

«Қазақ хандығының құрылу тарихы» деп аталады кітап жарық көрді. Еңбектің авторы – профессор, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев. Мерейтой қарсаңында шыққан ғылыми еңбекте Қазақ хандығының құрылу барысы мен тарихи кезеңдері жазылады. Сондай-ақ этникалық және саяси мәселелер де терең зерттелген. Автор кітапты шығыс деректерінен алған мәліметтерге сүйене отырып жазған.



ХАЛЫҚ

ТАРИХ
ТОЛҚЫНЫ



XVII-XVIII ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

XVII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ –
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТАРТЫС

1628 ЖЫЛДЫҢ КҮЗІ –
ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ БИЛЕУШІСІ, «ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ»
ЗАҢДАР ЖИНАҒЫН ҚҰРУШЫ ЕСІМ ХАН ҚАЙТЫС БОЛДЫ

1635 ЖЫЛ –
«ОРТА АЗИЯНЫҢ СОҢҒЫ КӨШПЕНДІ ИМПЕРИЯСЫ»
БОЛҒАН ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

XVII ҒАСЫРДЫҢ **30-50** ЖЫЛДАРЫ –
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА
ҚАРСЫ КҮРЕСІ

1643 ЖЫЛ –
ОРЕҮЛАҚ ШАЙҚАСЫ. ЖӘҢГІР ХАН ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ
БАР-ЖОҒЫ 600 АДАММЕН 50 МЫҢДЫҚ ЖОҢҒАР ӨСКЕРЛЕРІНЕ
ТОЙТАРЫС БЕРДІ

1680 ЖЫЛ –
ТӨУКЕ ХАН ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЖАҢА
НЫҒАЮЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

XVII ҒАСЫРДА ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 2 МЛН-ҒА ЖЕТКЕН ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫ АЛТАЙДАН АТЫРАУҒА, АПАТАУДАН ҚЫЗЫЖАРҒА ДЕЙІНГІ
ҰШАН-ТЕҢІЗ ДАЛАНЫ ЖАЙЛАДЫ

XVII ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ –
МЕМЛЕКЕТТІ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ЗАҢДАР ЖИНАҒЫ «ЖЕТІ ЖАРҒЫНЫҢ» ЖАЗЫЛУЫ

1715 ЖЫЛ –
ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗІНЕ БИЛІГІ ЖҮРГЕН
ТӨУКЕ ХАН ҚАЙТЫС БОЛДЫ



Назарларыңызға рахмет!
